

## Атырау облысындағы Сарықамыс кентінің тұрғындарын көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 18 наурыз N 321

Ауа атмосферасындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шекті шоғырланудан асып түсуіне және Теңіз мұнай кен орнының санитарлық-қорғаныс аймағында орналасқан Сарықамыс кенті тұрғындарының шамадан тыс науқастылығына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Атырау облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) 2006 жылға дейінгі мерзімде Сарықамыс кентінің тұрғындарын Атырау қаласына және Атырау облысының Жаңа-Қаратон кентіне көшіруді қамтамасыз етсін;
- 2) Сарықамыс кентінің көшірілетін тұрғындары үшін жаңа тұрғын үйлер,

әлеуметтік объектілер және инженерлік коммуникациялар салу жөнінде тапсырыс берушіні анықтасын;

3) көшірілетін халықтың тұрмыс-тіршілігі үшін қажетті тұрғын үйлер, әлеуметтік объектілер және инженерлік коммуникациялар салуға арналған жерлерді уақтылы бөлуді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.